



Бекітілді:

№17 «Шұғыла» бөбекжай-

балалар бағдарламасының меңгерушісі

Жетилгенова Д. Н.

«Ақбота» мектепалды даярлық тобының
2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілетін
жиналыс жоспары

Тәрбиешілер: Оразғалиева Н.А
Серғазықызы А

Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы

**2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілетін жиналыс
жоспары**

Тақырыбы	Айы	Қаралатын мәселелер	Жауаптылар
«Ата-анамен балабақша бірлестігі»	Қыркүйек	1. Ата-аналармен жақын таңысу 2. 2023-2024 жаңа оқу жылының өзгерістерімен, балабақшаның ішкі тәртібімен таңыстыру 3. Ата-аналар комитетін сайлау 4. «Ата-анамен балабақша бірлестігі» баяндама 5. Әртүрлі мәселелер	Серғазықызы А Оразғалиева Н
«Мектепке дейінгі балалар дербестігін тәрбиелеу»	Желтоқсан	1.Оқу-тәрбие жұмысының 1-тоқсанындағы балалардың жалпы үлгерімі, жетістіктері 2. Ата аналарға баяндама оқу «Мектепке дейінгі балалар дербестігін тәрбиелеу» 3. «Жұқпалы аурудың алдын алу» кеңес 4. Мерекелік ертеңгіліктер, салтанатты сабақтарды талқылау	Серғазықызы А Оразғалиева Н
«Бала тәрбиесіне байыпты қарайық»	Наурыз	1. «Бала тәрбиесіне байыпты қарайық» баяндама 2.«Ардақтайық Ананы!» (Құттықтау) 3. <i>Тренинг:</i> «Мықты отбасы-мықты мемлекет» 4. 22 наурыз -Өз Наурыз мерекесіне дайындық	Серғазықызы А Оразғалиева Н
«Бала өмірінің қауіпсіздігі»	Мамыр	1.Оқу жылын қорытындылау «Не білдік – не үйрендік?» 2. «Бала өмірінің қауіпсіздігі» баяндама 3.Балалардың жазғы демалыс туралы әңгімелеу	Серғазықызы А Оразғалиева Н



Бекітілді:

№17 «Шұғыла» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі

Жетилгенова Д. Н.

«Ақбота» мектепалды даярлық тобының

**2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен
жүргізілетін жылдық жоспары**

Тәрбиешілері: Оразғалиева Н.А
Серғазықызы А

Ақтөбе қаласы

2023-2024 жыл

2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілетін жылдық жоспары

Өтілетін кезеңі	Іс-шаралар	Түрі	Жауапты
Қыркүйек	Жиналыс «Біз жаңа оқу жылын бастаймыз»	1.Ата-аналар жиналысын өткізу; 2.Ата-аналар комитетін сайлау 3. Келісім шартпен таныстыру	Топ тәрбиешілері
Қазан	Тренинг Кеңес «Алтын күз» ертеңгілік	«Мен және менің отбасым» «Тұмау және ЖРВИ алдын алу»	Топ тәрбиешілері Медбике
Қараша	Кеңес	Дәрумендердің бала организмiне пайдалы жақтары	Топ тәрбиешілері
Желтоқсан	Сауалнама алу «Жаңа жылдық шырша» ертеңгілік	Сіз қандай ата-анасыз?	Топ тәрбиешілері
Қаңтар	Таза ауадағы қысқы ойындар	«Ғажайып қыс»	Топ тәрбиешілері Дене шынықтыру жетекшілері
Ақпан	Дөңгелек үстел	«Балаңызбен бірге ойнаңыз»	Топ тәрбиешілері
Наурыз	Балалардың құтықтау тілектері ашық хат	«Алғыс айту парызым»	Топ тәрбиешілері
Сәуір	Көгалдандыру жұмысы	Табиғатты аялайық	Топ тәрбиешілері
Май	Ата-аналар жиналысы «Бақытты балалық шақ» фильмі қоштасу ертеңгілігі	Ата-аналар жиналысы(жыл бойы жүргізілген жұмыстың қорытындысы)	Топ тәрбиешілері

--	--	--	--

№17 МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



«Біз жаңа оқу жылын бастаймыз » ата-аналар жиналысы

Ақтөбе қаласы

**Ата-аналар жиналысы "Біз жаңа оқу жылын
бастаймыз. Балабақшадағы баланың өмірі**

Мақсаты: тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы байланысты кеңейту, жаңа оқу жылындағы өзара әрекеттесу перспективаларын модельдеу;

Әдіс-тәсілдері: шаттық шеңбері, тренинг, әңгімелесу, түсіндіру, пікір талас, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: лента, портфолио, жеке іс қағазы.
педагогикалық мәдениетті арттыру ата-аналар.

Ата-аналар жиналысының барысы

Сәлемдесу.

Қайырлы кеш, қымбаттылар **ата-аналар!** Біз сіздерді өзіміздің жайлы үйімізде көргенімізге өте қуаныштымыз **топқа**. Біздің балалар мектепалды даярлық тобына көшті. Жазғы демалыстың артында жемісті, оқиғалы, қызықты оқу жылы күтіп тұр. Ауа-райына қарамастан, жаз әрқашан сіз үшін және сіздің балаларыңыз үшін ең ұмытылмас уақыт болады. Ал енді мен жаттығуды ұсынамын *"Жазды қалай өткіздік"*.

Жүру барысы: Құрметті ана-аналар, апайлар бүгінгі «Ата-анамен балабақша бірлестігі» атты жиналысқа қош келдіңіздер! Сіздерді жаңа оқу жылымын шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі күні алдымызда томпаңдап жүгіріп жүрген балаларымыздың ертеңгі күні жарқын болсын. Мен бүгінгі жиналысты ерекше түрде өткізгім Күн тәртібі:

1 «Достық» (танысу тренинг)

2 Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтау.

Баяндама : «Жаңа оқу жылы бағдарламасы»

3 Б.бақша меңгерушісіне сөз кезегін беру Жатаева Д.А

4.Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлап тағайындау.

5.«Алтын балық»тілегі.

6.Ата-аналар жиналысының шешімі.

1 «Достық» тренингі

Мақсаты: тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту. Ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу.

Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру. Ата-аналар орты шығып шеңбер болып дөңгеленіп тұрайық. Мына лентаны мен ұстап: аты-жөнімізді, мамандығымызды, бір-бірімізге деген жылы

лебіздерімізді білдіреміз. Мысалы: Менің атым: Серғазықызы Ақбалдақ Мен «Ақбота» мектепалды тобының тәрбиешісі болып жұмыс жасаймын. Мен сізге әркез достықта болайық дегім келеді- деп лентаны қолымызға ұстап келесі ата-анамызға жалғаймыз. Жалғай-жалғай келе үлкен достық шеңбері шығады. Міне, осындай үлкен достықта, лентадай берік, ажырамастай, тату, бірлікте болайық.

2 Баяндама оқылады

.Мен сіздерді қысқаша тобымыздың жұмыс барысымен таныстырып өтейін. Баяндама оқылады (қосыла беріледі)

3.Келесі кезекте біздің б.бақша меңгерушісі

Д.Н.Жетилгеноваға сөз кезгін берейін.

- Балалардың оқу құрал-саймандарын тиянақы әкелу.

-Балалардың киімінің талапқа сай болуы.

-Портфолио үлгілерін көрсетіп, оны жинақтап алып келу.

(Сұрақ-жауап)

4.Ата-аналар комитетін сайлау

5.«Алтын балық »тілегі. Ата-аналар енді көзімізді жұмайық, енді ашайық, міне ,ғажайыптар әлеміне келдік. Егер сіздердің қармаңызға Алтын балық түссе, ең, ең, ең маңызды жалғыз тілектеріңізді орындаймын десе , қандай тілек тілер едіңіз.

6.Ата-аналар жиналысының шешімі:

1 Балабақша өмірімен , ұйымдастырылған іс-әрекетпен , күн тәртібімен танстырылды

2 Ата-аналар комитетіне Успанова Айда, Жапишева Алия, Рскалиева Жаңылсын сайланды.

7.Қорытындылау

Бүгінгі бас қосуымыз аяқталып келеді. Балаларымыз аман болсын.Еліміздің үлгілі азамат пен азаматшасы болсын! Келіп, көріп, қатынасқандарыңыз үшін көп-көп рахмет.

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



«Мен және менің отбасым» ата-аналарға арналған тренинг

Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: «Балабақша мен отбасы».Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

Барысы: 1. «Шаттық шеңбері»

2.«Танысу» жаттығуы

3.«Жанұя бақыты» тренингі

4.«Сөйлемді аяқта» жаттығуы

5.Ойын «Қай жұп күшті?»

6.«Тілек айту».Қорытындылау.

Психолог: Қош келдіңіздер, құрметті ата — аналар. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Отбасы — Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы — адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Шаттық шеңбері:

Біздің күлкіміз көңілді **(қолдарын еріндерінің шетіне жақындатады)**
Жеткізсін жылу мен шаттықты.**(қолдарын жүректерінің тұсына қояды)**

Бөліскен жақсығой өмірде,**(қолдарын алға созады,саусақтары күн сияқты)**

Қуаныш,мейірім,бақытты.**(қолдарын екі жаққа созады)**

І. «Танысу» жаттығуы

Ата-аналар өз есімдерін және бойындағы жақсы бір қасиетін атап айту тиіс. Мысалы:Мен Гүлмира Сананын анасы,менің жақсы қасиетім –мен ақкөңілмін...т.с.с

2.«Жанұя бақыты» тренингі

Мақсаты: Ата-ананың бала тәрбиесіндегі қарым — қатынасы туралы түсініктер беру арқылы ата-аналардың білімін көтеруге көмектесу.

Жаттығудың шарты: «Бақытты жанұя» моделін құру. Яғни, ата-ана өзінің отбасын салу және отбасы бақытын сурет арқылы көрсетіп, суреттің жан жағына отбасы сөздері арқылы жеткізу керек.

3 “Сөйлемді аяқта” жаттығуы

— Мен өз отбасымды жақсы көрем, себебі....

— Отбасы бұл...

— Отбасым бақытты болу үшін...

— Отбасымда зорлық — зомбылыққа жол жоқ, себебі...

— Мен қалар едім отбасымның...

4.Ойын: «Қай жұп күшті?»

Дидактикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»
Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі» атты ойын өткіземін. Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар. Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй жақсы көріп және күтетін жер болу керек. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет. Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз. Олар: Мейірімділік, күлкі, түсінушілік, шыдамдылық, көмектесу. Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар, бірақ салғанда жай салмайсыздар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз. Ойлануға бір екі минут беріледі. Ойынтапсырмалары;

- 1.«Парасатты» кірпіші Қағазды екі қатарға бөліп ата аналардың плюс және минус жағын үш сөз арқылы жеткізу, жазу, айту.
- 2.«Достық» кірпіші «Үй» деген сөзді қалай түсінесіз? Мысалы: менің қорғанысым, күтетін жер, отбасылық ұйытқысы
3. «Махаббат» кірпіші: Мимика жест арқылы өзіңіздің балаға деген махаббатыңызды жеткізесіз.
4. «Тапқырлық» кірпіші: Бақыт сөзінің әрбір әрпінен балаңыздың мінезін сипаттаңыз.

5«Түсінушілік» Сурет арқылы баланың мінезін анықтау. Бұл төбесі -жақсы көңіл күй екенін білдіреді.Тапсырма: бір минут ішінде дөңгелек ішіне баланың бақытты көңіл күйін салу керекпіз және жапсыру. Үйіміз дайын. Менің ойымша отбасы- бұл махаббат үйі, ал бала –бақыт. Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген құштарлығын, жолын ашады. Халқымыз «Ұяда не көрсең, соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды. Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті.Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет!

5.«Тілек айту» Қорытындылау.

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

Психолог:«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан бір-бірімізге тілек айтып қорытындылайық.

Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!

МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



«Тұмау және оның алдын алу шаралары» кеңес

Ақтөбе қаласы

Тұмау және ЖРВИ алдын

алу жөнінде

кеңестер :

Ата аналардың назарына Тұмау ауруы күзгі қолайсыз ауа райы мен қысқы салқынның ажырамас бөлігі іспетті. Осы кезеңде адамдарда тұмаурату мен жөтел,

жалпы әлсіздік пен қызудың көтерілуі байқалады. Тұмау және басқа ЖРВИ (жіті

респираторлық вирустық инфекция) несімен қауіпті? Тұмау және басқа да ЖРВИ

жоғарғы тыныс жолдары, жүйке жүйесі, құлақ және жоғарғы тыныс органдарының

зақымдануымен қауіпті. Асқынулар 3 жасқа дейінгі балалар арасында жиі кездеседі, себебі олардың иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық

қалыптаспаған. Тұмау және басқа ЖРВИ сырқаттану балалар арасында ересек

адамдарға қарағанда жыл сайын 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа

дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр ағымда өтіп, асқынулар туындауы

мүмкін. Респираторлы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар

мекемесіне және мектепке баратын балалар арасында жоғары, себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады.

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген,

түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы , сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам

еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады. А,В,С грипп вирусымен түр-түріне

бөлінеді. Тұмау ауруы 5-10күнге дейін созылып қайта өрбіп асқынып

кетуі мүмкін. Асқынған ауру бактериалды инфекциялармен қозып (отит,гайморит) ауруларына айналады.

Тұмау және ЖРВИ алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болады?

- Вакцинация. Жылына бір рет, күз айларында, барлық жанұя мүшелерінің тұмауға қарсы вакцина алуына кеңес беріледі. Жыл сайын біздің облысымызда

ақысыз түрде тұрғындардың неғұрлым әлсіз топ өкілдері: балалар үйінің, сәбилер

үйінің тәрбиеленушілері, мектеп – интернат оқушылары, қарттар үйіндегі адамдар,

медқызметкерлер егіледі. Сонымен қатар осы жылдың қазан айынан бастап қаланың

барлық емханаларында ақылы түрде тұрғындарға вакцинация жасалады;

- Тұмауға қарсы витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық вирустарға

қарсы тұруға жеке бас тазалығын сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі, соның ішінде:

- Жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты

шомылу шаралары);

- Үйдің тазалығын сақтау – қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жойылады

(тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту, бөлме температурасын

20-24С және ылғалдылықты 30-35% аралығында ұстау);

- Көкөніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін

пайдалану;

- Дене шынықтырумен,

спортпен айналысу және организмді шынықтыру. Егер бала сыр аурудың асқынуынан

сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына

тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады.

Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады.қаттанса — не істеу керек? Ең бастысы - үйде

қалыңыз. Осылайша сіз балаңызды аурудың асқынуынан сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол

вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да

пайдалануға болады. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады.

**Аурудың алғашқы
белгілері пайда болса:**

1. Үйде қалыңыз;
2. Төсек режимін сақтаңыз;
3. Бөлмені күніне 2 рет таза ауамен желдетіңіз;
4. Мұрыннан су аққанда, жөтелгенде, медициналық демперде киген жөн;
5. Сусын, шай, шырын түрінде сұйықты көп ішіңіз;
6. Жеке бас тазалығын сақтаңыз;
Дәрігерді үйге шақырып,

**Жіті респираторлық вирустық инфекция және
басқа да вирусты инфекциялардың алдын алу шаралары**

1. Үйден шығарда мұрныңыздың ішіне оксалин жақпасын жағыңыз;
2. Адамдар көп жиналған жерден аулақ болыңыз;
3. Сұйықты көп ішіңіз, таза ауада көп жүріңіз;
4. С дәрумені бар тағамдарды көбірек қолданыңыз;
5. Халық емін қолданыңыз(пияз, сарымсақ).
6. Ұсыныстарын қатаң сақтаңыз.

МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

АТА- АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ



«Сіз қандай ата-анасыз» ата-аналарға арналған сауалнама

Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы

САУАЛНАМА:

Сіз қандай ата-анасыз?

1. Кез келген ісіңізді тастай салып баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасына қарамай,онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Балаңыз жасаған іс ашуландырған кезде өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып уәдеңізді орындайсыз ба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?
12. Басқа бала сіздің балаыңызға дөрекілік кәрсетсе, себепсіз ренжітсе, көңіл аудармайсыз ба?
13. Балаңыздың кәз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

Жауабы: 1. Әрқашан жасаймын, келісемін - 3 бал.

2. Кейде ғана келісемін - 2 бал.

3. Келіспеймін - 1 бал.

Сауалнаманы бағалау өлшемдері:

0-16 Бала тәрбиесі-сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.

16-30 - Балаға қамқорлық жасау бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиешілік қабілет бар, бірақ тәжірибеде әрқашан бір қалыпты бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.

30-39 Бала сіздің әміріңіз үшін ең құнды. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.

МКҚК № 17 «Шұғыла » бөбекжай-балабақшасы



«Жаңа жылдық шырша» ертеңгілігі

Ақтөбе қаласы 2023-2024 оқу жылы

«Жаңа жылдық шырша»

Ерте ерте ертеде,мұзды өлкеде Мадина есімді әдемі,ақылды қыз өмір сүріпті.Мадина жалғыз өзі зерігіп өзіне дос тапқысы келеді.Жаңа жыл қарсаңында Аяз атаға хат жазып оған дос жіберуін сұрайды.

«Құрметті, Аяз ата!Менің есімім- Мадина!Мен ормандағы үйімде жалғыз тұрамын.Жыл бойы ақылды болдым,өзімді жақсы ұстадым.Бірақ та мен өте қатты зерігемін .Аяз Ата маған жаңа жылдық сыйлықтың орнына өзіме жақсы достар сұрағым келеді.Маған дос керек.Аяз Ата менің хатымды оқыған болсаң жаңа жылды бірге қарсы алатын достар жіберші.Өтінемін, менде жаңа жылды достарыммен ойнап күліп қарсы алғым келеді.Сәлеммен Мадиночка!

(Санта Клаустар кіріп келеді)

Санта Клаустар:Сәлем,Мадина!Аяз Ата сенің хатыңды оқып,сенің тілегіңді орындады.Біз енді сенің достарың боламыз.Бәріміз бірге жаңа жылды билеп,ойнап күліп қарсы аламыз.Сен енді жалғыз емессің.

Мадина:Алақай,жақсы болдығой!Бүгін мен қатты қуанып тұрмын.Енді менің достарым бар.Алақай!Аяз ата саған көп –көп рахмет.

Санта Клаустар:Кел, Мадина бірге билейік **(2 Би хореграфия)**

Арман:Мәссаған шыныменде Аяз Ата бар екен ғой!Қараңдаршы Мадинаның арманын орындадығой.Менде шын Аяз атаны көргім келеді. Маған керек сыйлықты айтқым келеді. Балалар сендерде Аяз Атаны көргілерің келеме? Ендеше бізде Аяз Атаға өзін көргіміз келетіні туралы хатымызды салайық..Мүмкін келіп қалар.(Арман барып хатын почтаға салады)

(Мыстан Кемпір келіп хатты оқиды)

Ха-ха-ха сендер кімді көргілерің келеді.Аяз Ата ма?Аяз Ата жоқ!Мен сендерге оны жібермеймін!Жаңа жылды аяз Атасыз қарсы аласыңдар.Қазір хаттарыңды алып кетемін!Ха-ха-ха..

Арман: «Мыстан кемпір қарашы әне әне біреу келе жатқан сияқты» -деп айтып, Мыстан кемпірді алдап хатын қолынан тартып алады. Арлан ұста хатты деп лақтырып жібереді.

Мыстан кемпір:Қап,бәлем Осыдан көресіндер, мені алдадыңдарма?мен бәрібір сендерге Аяз Атаны жібермеймін.

-Алло, Жолбарыс досым Мені мына Ақбота тобының балалары алдап кетті.Бұлар өте ақылды екен. АязАтаны бұларға жібермеу керек.Ақылдасайық,бірдеме жасайық.Ха-ха ха деп кетіп қалады.

Жүргізуші:Ой,балалар бір дауыс шығатын сияқтығой я ?Естідіңдерме? Бұл кім екен?Ааааа,Қарша қыз екенғой!Не болды Қарша қыз?Неге жылайсың?

Қарша Қыз: Сәлем,достар!Қиын жағдай болды. Біз Аяз ата екеуіміз сендерге келе жатқанбыз,бірақ алдымыздан Мыстан кемпір шығып Аяз Атаны орман ішінде қатырып тастады.Сол үшін жылап тұрмын.Біз енді Аяз Атасыз нестейміз?-деп жылайды.....

Жүргізуші:Қарша қыз, жылама,мұңайма!жылап тұрып сен қиындықты жеңе алмайсың.Қарашы ,міне біз көппіз.Аяз Атаны құтқарамыз.ал,балалар Аяз Атаны құтқару үшін қиын белестерден,ормандардан жаман күштерден өтуден қорықпаймыз ба?Ендеше көол ұстасып,Аяз Атаны табуға орманға жолға шығайық.Қарша қыз жүре ғой ;Аяз атаны тауып осында әкелейік.

Қарша Қыз: Менің көңіл күйім болма тұр, іздегімде келмей тұр. Өздерің бара беріңдер я болмаса менің көңілімді көтерсеңдер, барып қалармын.

Жүргізуші: Ал, балалар нестимиіз? Қалай көңіл күйін көтеріміз? Қандай өнерлерің бар? Мүмкін ән айтып берерміз.

(Ән. Бізге жаңа жыл келді)

Мыстан кемпір: Бұл не? Не ән? Не күлкі? Балалардың көңілді болғанын ұнатпаймын! Аяз ата болмасада көңілді екенсіңдер ғой! Мен сендерге көрсетемін!

Нуриман: Сенің дауысың қорқынышты емес! Біз суық желденде қорықпаймыз.

Сания: Біз сенен қорықпаймыз! Сенің сиқырыңнан да қорықпаймыз! Біз көңілдіміз, өйткені қар атысып ойнап сені бұл жерден қуып жібереміз.

(Ойын қар атысу)

Мыстан: Ах, солай ма жаман ұлдар мен қыздар! Күлесіңдер, көңілдісіңдер, ендеше қорғаныңдар. Әй, менің сенімді сиқырларым! Қайдасыңдар? Алыңдар мына балалардың барлығын мұз қылып қатырыңдар! Балалар қатып қалады.

Қарша қыз: Ой сұмдық! Мынау не болды өзі? Енді нестейміз?

Жүргізуші: Мен бұның шешімін білемін! Аналардың жүрегі ғана бұл мұзды еріте алады. Кәне, аналар, жылдам балалардың аттарын қаттырақ айтып оятыңыздар (балалар оянады)

Қарша қыз: Алақай, жақсы болды ғой! Ал енді Аяз Атаны қалай ерітеміз? Мүмкін тақпақ айтып көрерміз? Дауыстарымызды естіп, өзін күтіп отқанымызды сезіп, жібіп қалар. Кәнекей, тақпақ айтып берейік.

(Нуриман, А. Айша, Айлин, Айзере, Әлімхан, Сания) я

Жүргізуші: Ой, бұлда көмектеспеді ғой! Енді қандай амал бар екен? Нестесек болады. Балалар, қараңдаршы біреу келе жатқан сияқты, сендер танысыңдар ма?

(Алдар көсе келеді)

Алдар көсе: Охо-оо, мына жерде қонақтар көп екен ғой! Барлықтарың қандай әйбатсыңдар! Ой, мен өзі қайда келдім? Қандай мереке болып жатыр?

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Алдар көсе! Бізде жаңа жыл мерекесі, бірақ Аяз Атамыз жоқ. Жағдайымыз қиын болып жатыр. Мыстан Аяз Атаны орман ішінде қатырып кетіпті. Оған қалай көмектесерімізді білмейміз. Сен бізге көмектесе аласың ба?

Алдар көсе: Менің сендерге жолым түсіп, келіп қалғанымды қарашы. Әрине, мен сендерге көмектесе аламын. Менің домбырам сиқырлы ғой! Жақсы адамға көмектеседі, Жамандарды жазалайды. Қазір мұны өздерің көресіңдер. (домбырасын, тартып әндетеді)

Қарша қыз: Қазір атам келеді, мен оны сезіп тұрмын. Бәріміз бірге атамды шақырайықшы. Аяз Ата, Аяз Ата, Аяз Ата!

Аяз Ата: келе жатырмын, келе жатырмын (есік сыртынан айқайлайды)

Балаларым балғыным,

Өмір гүлі шалғыным

Тілегенім жыл бойы

Сендердің денсаулықтарың

Амансыңдар ма, балаларым? Жаңа жыл құтты болсын! Жолда сендерге келе жатып алдымыздан Мыстан мені қатырып тастады. Содан керемет домбыраның үнін естіп денем балқып, кекремет күй кештім. Размет, жарайсың Алдар! Ал, маған дайындаған өнерлерің бар ме? Кім сыйлық алғысы келеді, менің көңілімді көтеріп бір ән шырқап беріңдерші

(Ән)

Алдар көсе: Қандай өнерлі балалар, мен ендеше кеттім, қош сау болыңдар

Мадина: Аяз Ата біздің шыршамыздың шамын қашын жағасың?

Аяз Ата: Мәссаған, расыменде әлі жанбаған текен ғой, онда келіңдер бәріміз бірге шеңбер тұрып әндетіп, шыршамызды жағайық. Шыршамызды жағып сендерменде қоштасайын.

Барлығы : Қуант бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат! (шырша жанады) Аяз ата шеңбер ішінде қалады.

Балалар:Қалып қойдың шеңберде

Жібермейміз ешқайда

шығармаймыз біз сізді

Билегіміз,ойнағымыз келеді!

Аяз Ата :Балалар босатыңдаршы мені.Не қаласаңдар соны орындаймын.

Балалар:Қайда барасың ,кетпеші?Біздің көңілімізді көтерші.Бізбен бірге ойнашы.

(Ойын)

Балалар ойнап жатқанда хат келеді.

Аяз Ата: Ой,балалар қараңдаршы бізге хат ұшып келдіғой.Бұнда не бар екен? Аяз ата оқиды.

Аяз Ата,біздің мерекелік кешке қош келдің!Ақбота тобының балалары жаңа жылға арнап өздері шығарған өлеңдері бар, соны айтып бергісі келеді.Қошеметпен Бізді қарсы алуларыңызды сұраймыз. (балалар кіріп келеді) **(Ән)**

Аяз Ата:Мәссаған қандай тамаша кеш , өздері билейді,ән айтады, өлең шығарады.Қандай тамаша мерекелік кеш бұл деген !Өндерің өте керемет екен жарайсыңдар! Мадина келе қойшы қасыма! Саған жіберген достарым ұнады ма?Қазір саған тағыда көп достар сыйлаймын.Бәрің бірге «Мадагаскар» достық биін билеп бір бірлерінді құшақ жайып қарсы алыңдар, Айырылмас дос болыңдар! Бәрің бірге тату болыңдар,ақылды дос болыңдар.Уәде бересіңдер ме? ЕНдеше менде сендермен қоштасайын. Қош,сау болыңдар балалар!

Келер жылы кездескенше ,сау саламат болыңдар.

(Би мадагаскар)



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



**Ата-аналармен бірлескен қысқы спорттық іс-шара
«Ғажайып қыс»**

Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы

Эстафеталық жарыс.

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейтіп, қысқы ойындар мазмұнын меңгерту. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза

ауада шынықтыру. Эстафетаға қызығушылығын ойын арқылы қалыптастыру.

Методикалық әдіс: Ойын эстафета, эстафета мазмұны, түсіндіру, үйрету.

Көрнекіліктер: Шана, аққала, қар, күрек, қар үйінділері, қар кесетін ағаш құралдар.

Эстафетаның жүру барысы:

Жүргізуші: Балалар шеңбер бойында бір-бірімізге тілек айтайық

Тілек шеңбері

Балалар алаңда дөңгеленіп шеңбер жасап тұрып, бір-бірінің алақандарын беттестіріп тілектер айтады.

1. Ауамыз таза болсын
2. Денсаулығымыз мықты болсын
3. Ойын қызықты болсын
4. Жарыс көңілді болсын
5. Жеңімпаздар көп болсын

Балалар музыка ырғағымен айналып жай жүріп, сонан соң жүгіріп келіп, аяқ-қол блшықеттеріне арналған сергіту жаттығуларын жасауды.

Қозғап барлық денеңді

Қолды қатты соқ енді.

Тақылдатпай таяқты

Ақырын бас аяқты.

Иықты артқа ысырып,

Басты төмен саламыз.

Жаттығу жасап осылай,

Біз шынығып аламыз.

Жүргізуші: Балалар, эстафетаға ұпай қойылады, сондықтан ұпай қоятын әділ қазылар алқасымен таныстырайын

Балабақша директоры: Жанбосынова Л.С.

Әдіскер: Шешенбаева Ә.А.

Эстафета түрінде өтетін болған соң, балаларды екі топқа бөлеміз.

Тұлпар тобының мүшелері: Махамбет, Ердәулет, Ерасыл, Салтанат, Ақерке, Айқын.

Сұңқар тобының мүшелері: Парасат, Мунира, Айдын, Қуандық, Мерей, Мадияр.

Ойын №1 «Жолды қардан тазарту».

Мазмұны: Балалар қолдарына күрек алып екі жақтан қарсы жүріп, жолды қардан тазартады. Қай топтың балалары жолды ұзын етіп тазартса сол топ жеңеді.

Ертегі кейіпкерлері қонақта.

«Үйшік» ертегісінен Аю келіп балалардан өзі сыйатын үйшік жасап беруін өтінеді.

Ойын №2 «Үйшік жасау».

Мазмұны: Қар кесінділерінен кішкене үйшік тұрғызу. Қай топ бұрын болса, сол топ жеңген болады.

Ойын №3 «Шанамен жарысу».

Мазмұны: Екі топтың үлкен балалары бір баланы шанаға отырғызып сүйреп мәре сызығына дейін жарысады. Ойынға балалар түгел қатысады. Қай топ

бұрын жетеді, сол топ жеңеді.

Балалар, біз келесі ойынды ойнамас бұрын жұмбақ шешейік. сол жұмбақтың шешуі арқылы келесі ойынымыздың атауын анықтаймыз.

Шелек қалпақ басында,

Сәбіз екен танауы.

Қыста қардан жасалар,

Тауып көрші сен оны.

(аққала)

Ойын №4 «Аққала».

Мазмұны: балалар дайын тұрған қардан аққала құрастырады. Оның көзін, мұрнын, аузын жапсырады. Басына телпек кигізіп, қолына сыпырғыш ұстатады. Қай топтың балалары бұрын болса, сол топ жеңеді.

Ойын №5 «Көпір жасау».

Мазмұны: Қар кесінділерін 2 қатар етіп жерге (2метр ұзындықта) төсеу. Бір бала қарды жерге қойып тұрады, басқалары қарды жалғап, жеткізіп тұрады. Қай топ бұрын болса, сол топ жеңеді. Ойын соңында балалар шанамен биік қардан төмен қарай сырғанап ойнайды.

Қорытынды

Жүргізуші: Эстафетаға балалар өте жақсы қатыстыңдар. Ал, ендеше әділ қазылар алқасы әділ бағаларын беріңіздер. Әділ қазылар алқасы балаларды мадақтап, эстафетаны қорытындылап, балаларды марапаттау үшін қыс кейіпкерлері келіп, сыйлықтар таратып балаларды риза қылады.



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



«Алғыс айту парызым»

Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы

Жүргізуші:Құрметті қонақтар, ата-аналар, балабақша ұжымы және бүлдіршіндер! «Алғысымыз шексіз!» атты Алғыс айту күніне арналған мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Бүгінгі күн — нұрлы күн

Жарық шашқан әлемге

Ризашылық күн бүгін

Алғыс айтайық бәріне!

Жүргізуші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, өйткені «1-Наурыз Алғыс айту күні», бұл күні Ата –әжемімізге, әке-анамызға мәпелеп асырағаны үшін, Тәрбиешіге - тәрбие бергені үшін, Отан соғысы ардагерлеріне жеңісі үшін, досыңа көмегі үшін жалпы кез - келген адамдарға бар болғаны үшін, мейірімділігі, көмегі үшін алғысымызды, ризашылығымызды білдіреміз.

Жүргізуші: Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, Жарлыққа қол қойған болатын. Қазақстандықтар 1 наурыздың Алғыс айту күні болып бекітілуін қуана қабылдады. «Тағдыр жазуымен қазақ жеріне табан тіреген түрлі ұлыс өкілдерін бауырына басқан Қазақ жұртына алғысымыз шексіз», дейді олар. Бұл - тек алғыс айту күні ғана емес, жас ұрпақ үшін тарих туралы сыр шертетін тағылымға толы мереке болмақ.

- **Алғыс кімге, не үшін айтылады? ...**

Алғыс - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс – әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беру.

- **Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?**

Алғыс айту күні адамдар бір-біріне қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі, бір-біріне алғысын айтады.

Бұл күні адамдар бір-біріне алғысын білдіріп, ықылас пен мейірімділік сыйлайды. Бізде туған елімізге, Отанымызға Президентімізге балалардың игілігі мен жан-жақты даму үшін жасап жатқан істеріне ризашылығымызды білдіріп, зор алғыстарымызды білдірейік.

Жүргізуші: Балалар Отан дегеніміз не? Біздің Отанымыз, туған еліміз қалай аталады? Ал,балалар біз Отанымызға алғысымызды білдіріп ән айтып берейік

Хор: Отан

Жүргізуші:

Мың алғыс, миллион алғыс аналарға!

Аты да, өзі де ұлы тұрар алда.

Отанмен, туған жермен теңесесің,

Нәр алған аналардан даналар да.

Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін беріп аялаған, жан – ол АНА.

Ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. ата-анаға мәпелеп асырағаны үшін, алғысымызды білдірейік.

Адия:

Анама шексіз рахмет!

Ақ сүт берген, толғатқан.

Әкеме айтам мың алғыс!

Ұрпақтар жібін тарқатқан.

Жүргізуші: Халық мақалында «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деп табиғаттың тамаша құбылысына теңеген екен. Әке – ұрпақ иесі, панасы, үй басшысы. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ. Әке – бала үшін шыңы биік асқар тау.

Мұстафа:

Әкемізге мың алғыс!

«Адал бол, - деп,

Әділдікке баулыған.

Жүрегінде – махаббат,

Тілегінде – марқабат

Әкемізге мың алғыс!

Жүргізуші: Біз аналарға арнап тақпақ айттық. Енді сол аналарымыздың анасы әжелерімізге ән айтайық. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтпаған ғой. Келесі құттықтауымыз «Асыл әжелерімізге» арналады

Жүргізуші: Ән «Әже» орындайтын Зере

Жүргізуші: Құрметті балабақша ұжымы! Сіздерді еліміздің болашағы бала тәрбиесіне қосып жатқан үлестеріңіз үшін. Алғысымызды айтамыз.

Інжу:

Апайлар! Қандай ғажап халықсыздар!

Бүлдіршінге шындай биік алыпсыздар.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,

Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

Сіздерге мың алғыс!

Жүргізуші: Балалар, «Алғыс айту» күніне орай қазір сендермен бір ойын ойныйық. **Ойын: Алғыс айту**

1. Анаға – өмір сыйлағаны үшін,
2. Әкеге – қорған болғаны үшін,
3. Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,
4. Сөзге – жанды жылытатыны үшін,
5. Күнге – шуағы мен назары үшін,
6. Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,
7. Досқа – құшағы мен иығы үшін,
8. Әжеге – ыстық алақаны үшін,
9. Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,
10. Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,
11. Отқа – жылулығы үшін..

Бірге: Рахмет айтамыз!

Жүргізуші : Алғыс пен ризашылық білдіру өзінді, өмірді, өмірде барды бағалаудан басталады.

Жүргізуші :

Қазақ қызы күлімдер күн көзіндей,

Дөңгеленіп билейді ай жүзіндей.

Жұлдыздардай өрнекті аспандағы,

Биші қыздар бұрала билейді би.

« Қазақ » биі орындайтын Зере

Жүргізуші : Біз доспыз, әрқашан біргеміз. «Ынтымақ бар жерде бірлік, достық, татулық бар» Ендеше ынтымағымыз әрқашанда жараса берсін деп ортаға Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерін шақырамыз. Өз алғыстарын білдіреді.

Хор: Достық жыры

Жүргізуші : Халқыма туған рахмет!

Шындаған, елге танытқан.

Қазаққа дархан рахмет!

Салт-санасын сіңірген.

Барша әлем, саған рахмет!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар, балалар, жылы сөз, қайрымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңізді ешкімнен ешқашан аямаңыздар, «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. «Жылы сөз жанды жадыратар», «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, әрқашан жақсы сөздерімізді, алғысымызды бір-бірімізден аямайық.

Осымен «Алғысым шексіз!» атты Ризашылық күніне арналған мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз, келіп тамашалағандарыңыз үшін көп-көп рахмет!



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



«Табиғатты аялайық!» көгалдандыру жұмысы

Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Балалардың «табиғат», «қамқорлық» құндылық туралы түсініктерін қалыптастыру.

Білімділік: Табиғат пен адамдар арасындағы байланысты түсіндіру.

Дамытушылық: Табиғатқа деген танымдық қызығушылықтарын дамыту.

Тәрбиелік: Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Шаттық шеңбер

Тәрбиеші:

«Балбөбек» атты бақшаның

Тәрбиелі баласы

Алдыменен қонақпен

Амандасып алады.

Балалар:

Арайланып таң атты

Алтын шуақ таратты

Қайырлы таң, достарым!

Қайырлы таң, қонақтар!

Ауадан қуат алайық

Алақанға салайық

Жерден нәр алайық

Алақанға салайық.

Күннен шуақ алайық

Күн шуағын қонақтарға сыйлайық!

Тәрбиеші: Балалар, тамаша. Ал канекей сабағымыз бастамас бұрын орнымызға жайғасайық. Балалар орындарына жайғасады.

Әңгімелеу:

Тәрбиеші: Достар мен сендерге сұрақтар қояйын, соған жауап тапсаңдар бүгінгі сабағымыздың тақырыбын дәл тапқан боласыздар, келістік пе?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Сендер табиғат бұрышында қандай еңбек түрімен айналысасыңдар?

Балалар: Гүлдерге су құямыз, жапырақтардың шаңын сүртеміз.

Тәрбиеші: Жақсы тағы не істейсіңдер?

Балалар: Гүлдің жақсы өсуі үшін, түбін қопсытамыз. Балықтарға жем береміз, суын ауыстырамыз. Біз табиғат бұрышын жақсы күтеміз

Тәрбиеші: Балалар осы еңбегімізді бір сөзбен қалай атауға болады?

Балалар: Қамқорлық жасау

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар балалар! Біз бүгін адам бойындағы жақсы қасиеттің бірін «Қамқорлық» туралы әңгімелейміз

Тапсырма: Балалар сендерге тапсырма, алдарыңда тұрған сызбалар бойынша қажетті пішінді анықтап, сурет орнын тауып құрастыру, мұқият болыңдар

Тәрбиеші: Балалар сендер нелерді құрастырыңдар?

Балалар: ағашты, күннің көзін, гүлді, құсты, түлкіні, қоянды, аюды, көбелекті, ағашты, саңырауқұлақты.

Тәрбиеші: Осының бәрін бір сөзбен не деп атаймыз?

Балалар: Табиғат

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, балалар. Қарандаршы қандай керемет сурет шықты. Өте әдемі табиғаттың көрінісі. Енді экранға назар салайық

(Слайд арқылы)

Тәрбиеші: Табиғат дегеніміз- аң,құс, өсімдік, тау, өзен, көл, ауа, жер. Біздің тіршілік ортамыз. Олардың барлығы табиғаттың бізге сыйы. «Табиғат-төл бесігін аяла, қорғай біл, тазалықты сақта!»

Балалар сендер білесіңдер ме? Біз кішкене баланы бесікке бөлейміз. Осы отырған бәріңде бесікке тербеліп өстіңдер. Енді міне үлкен болып өстіңдер. Бірақ бәрібір «Туған жер» деп аталатын алып бесікке тербеліп жүрсіңдер, туған жердің табиғатына тамсана, ауасымен демалып, мөлдір суын ішіп жүргендердің соны білдіреді. Туған жер өзінің алтын қазынасын-сұлу табиғатын ұсынып отыр. Сондықтан да біз туған жерімізді, сүйікті Отанымызды әрқашан алтын бесікке теңейміз және табиғаттың тарту еткен сыйын аялау, тазалығын сақтау оған қамқорлық жасау әрбір адамның міндеті

Сергіту сәті:

Балалар денелеріңді дұрыс ұстап, бастарыңды көтеріп ыңғайланып отырайық. Көздеріңді жұмуға да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алайық. Денелерімізді бос ұстайық. Айналадағы барлық тіршілік иелерін аялап қорғап, қамқорлық жасап жатқанымызды сезінейік

(Осылайша 2 минут отырады, ұнтаспадан табиғаттың әуені ойнайды)

Балалар енді көзімізді ашайық. Табиғат иелеріне қамқорлық көрсетіп жатқанымызды қалай елестеттік?

(Балалар өз жауаптарын ортаға салады)

-Мен гүлдерге су құйып жатр екенмін

-Мен ұядан түсіп қалған балапанды ұясына салып жатқанымды елестеттім.

-Мен тауықтарға жем беріп жатқанымды елестеттім

-Мен күшігіме үйшік жасап жатқанымды елестеттім

-Мен жараланған торғайға қамқорлық көрсетіп жатқанымды елестеттім

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар.

Жаттау:


Міне осы сабақ туралы өлең жаттап алайық.

Сүйейік табиғатты аялайық

Бізде одан жақсылықты аямайық

Анадай табиғаттың аясында Жадырап жас балаша дем алайық





«Бақытты балалақ шақ» фильмі» атты қоштасу ертеңгілігі

Радиостанциядан хабарлама «Армысыздар, құрметті қонақтар! Сіздерге «Шұғыла » балабақшасындағы «бал-бала »атты радиостанциясы сәлем жолдайды. Ақтөбе қаласында «Шұғыла» балабақшасындағы «Ақбота» даярлық тобында «Бақытты балалық шақ» атты фильмнің түсірілімінің 1 бөлімінің аяқталғанын хабарлаймыз. Бүгін сағат 10 -да фильмнің презентациясы және фильм түсіріліміне қатысқан актерлермен кездесу болады. Барлығыңызда қатысуға шақырамыз». қолдарыңыздан келгенше әр актерімізді қошеметтеп, әр сөздерін мұқият тыңдап, өнерлеріне тамсанып, қуаныштарын бөлісулеріңізді сұраймыз!

Режиссер **Арман** ортаға шығады.(оператор **Али**)

Арман:Камера дайынба! ДАЙЫН!Дайын

Жүргізушілер дайынба ? Дайын ,дайын

Музыка дайынба ?Дайын ! Дайын!

Киімдер дайынба? Дайын! Дайын!

Көрермендер дайынба? Дайын! Дайын!

1-2-3!-Бастаймыз!

Нұржауған: Біздің бұл фильм бірнеше жылдар,айлар,әр күн сайын күні бойы түсірілді. Фильм атына сай бақытты балалақ шақ туралы. Қуанышты сәттер де реніштерде,қиындықтарда , әртүрлі келеңсіз жағдайларды болды. Әзірше Фильм түсірілімінің 1 бөлімі аяқталды. Фильмнің 2 бөлімін түсіру жалғасады. Бүгін біз фильмге қатысқан актерлермен актрисаларды шығарып салғалы отырмыз.

2 –тәрбиеші:

Ендеше ортаға фильм түсіріліміне қатысқан барлық актерлер мен актрисаларды шақырамыз

Өте зерек,қте нәзік қызымыз **Мадинамен** сері жігіт **Арланды** қарсы алыңыздар

Байсалды, қамқор ұлымыз **Заңғар** менен. Жібектей мінезі бар **Айшаны** қарсы алыңыздар!

Еңбекқор, білгіш **Әли** мен . Әсемдікпен , әдемілікті сүйетін **Мединаны** қарсы алыңыздар!

Өзі шапшаң, әр қырлы әншіміз **Нуриманмен**, тобымыздың еркесі **Рянаны** . қарсы а

Ақжарқын, сезімтал қыз **Меруертпен**, Еңбекқор әрі ақылды **Алмасбекті** қ а

Ата - анасының көз жанары **София** мен, Белсенді, ойшыл **Диарды** қар а

Жібектей мінезі бар, нәзігіміз**Айлин** мен . Жас хоккейші **Алдиярды**

Бірбірімен айырылмас, бірін бірі іздейтін **Әмірхан мен әлиханды**

Ақылымен іс тындырған, нағыз нар жігіт **Арман** мен тобымыздың лидері , ерке қызы

Шұғыланы шақ

Ақжарқын, анасының еркесі **Саниямен**, Әкесінің қамқоршысы **Әлімханды** шақырамыз

Тобымызда өнерімен танылған**Айша** менен . Семсер қылыш білегі, ақылы мол

Батырханды шақырамыз.

Балерина қызымыз **Шамшырақпен**, бәріне қамқор **Арыстанды** шақырамыз

Анасының еркесі **С. Айзеремен**, ақылы мол **османтайды** қарсы алыңыздар

Ақбалдақ:Біздің фильм бұл- бақыт, біздің фильм - күннің нұры деп айтуға болады..

Қойылым кезінде режиссерлер де актерлерде ауысып отырды.Түсірілім барысында жеңісте, жеңілісте,қуануда,жылауда бәрі болды. Енді, міне, кейбір түсірілімге қатысқан

актерлермен қоштасатын сәт келді. Премерамыздың ашылу салтанатын «Бақыты күндерім» атты әнмен ашуға рұқсат етіңіздер) **Ән «былдыр былдыр бал тілім»**

Ендігі кезекте фильмнен үзінді көруге шақырамыз!

Мадина шығады : Бірінші кадр «Ностальгия».

Залға кішкентай қыз келеді Жүргізуші келіп, оның қолын алады. Ақбалдақ :Сен қайдан жүрсің балақай?

Қыз:Менің атым Інжу. Мен кішкентаймын. Мен анамның қасында болғым келеді. Ал ол Мені балабақшаға акелді.Апай,мені үйге апаршы. -, деп шығып кетіп қалады.

Ақбалдақ :Балалар білесіңдерме, біз сендермен осындай кіп-кішкентай болған кездерінде кездестік. Содан кейін жылдар өтті,сендер мектепке баратындай жасқа келіп өстіңдер. Естеріңде ме, бес жыл бұрын сендер балабақшаға қандай болып келдіңдер??

ЯЯ,біздің есімізде (Заңғар, ,Раяна,Батырхан Нұриман,сания) тақпаққа шығады.

Би хормен (ба-ла-бақ-ша)

НұржауғанМінекей сендер ер жетіп енді балабақшамен де ойыншықтарменде қоштасатын сәтке келдіңдер . Солай ма балалар?

Али: Нұржауған,Асқарқызы! Тоқтай тұрыңызшы.Біз балабақшадан кетсекте, ойыншықтарымызбен неге қоштасу керекпіз?

Нұржауған:али , өйткені сендердің өмірлеріңе енді оқулықтар, тапсырмалар, әріптер мен жазбалар кіреді. Таңертеңнен кешке дейін ойыншықтармен ойнау тек естелік болып қала береді. Балалар, бүгін сендердің ойыншықтарын да көңілсіз. Сендерді қимайды. Бірақ сендер олармен қоштасып, мектеп табалдырығын аттап, оқушы атанасындар. Балалар балабақшамыздағы бірге ойнаған ойыншықтарымызбен қоштасайық.

(Айзере, Алдияр шығады тақпақ)

Сөз Диар: Рахмет, сендерге,
Сүйікті біздің ойыншықтар.
Сағынамыз сендерді.
Біз сендерді ұмытпаймыз,
Сендерге біз қол бұлғаймыз-

Нұржаууған Екінші кадр: «анамның тілегі»

Ақбалдақ: Я,бұл кадріміз «Анамның тілегі» деп аталады.Естеріңізде болар бір жиналысымызда «балама хат» деп балаларыңызға ақ тілектеріңізді ақтарған болатынсыздар,енді сол хатты да оқып беретін сәтке жеттік.Көздеріңізді жұмыңыздар,денелеріңізді бос ұстаңыздар!

Релаксацияяяя музыка қосылады.(дайындалған кинолентаны столга жайлап қойамыз.Оқып болғаннан кейін қарауларын сұрау)

Нұржауған:Жақсылық сыйлап баршаға

Түлектер келді ортаға

Тербеліп вальс билесін

Қошеметтейік қол соға! **(1 потток вальс) (Арлан мен Осман шығып кетуі керек)**

(Әуен ойналып, есіктен режиссер, оператормен бірге кіреді)(режиссер – осман,оператор-арлан)

Арлан :Сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар.

Нұржауған:Сәлеметсіз бе, қош келдіңіз біздің "Шұғыла" балабақшасына.Сіз кім боласыз?

Арлан : Мен режиссер мырза боламын. Қасымда оператор жігіт Арлан. Біз "Қазақстан" телеарнасынан сіздердің ертеңгіліктеріңізді естіп, арнайы келдік. Мен сіздердің балаларыңыздың өнерлі екенін естіп жүрмін. Соны мен өз көзімен көруге келдім.

Жүргізуші: Ия, Режиссер мырза. Біздің балалар өте өнерлі. Ендеше тамашалаңыз.

Ән « мектепке барамын -----»

Али : Расында да балаларыңыз талантты екен.Оған көзім жетті. Енді осы талантты балалармен мектеп өмірінен шағын үзінді фильм түсіргім келеді. Сол жайында мен бұл балабақшада кастинг өткізбекшімін.Бұл фильмнің аты – « тағыда екі»

Нұржауған: Ой, қандай керемет! Ал, Режиссер мырза біздің балалар киноға түсуді бұрыннан армандап жүр еді. Бүгін олардың армандары орындалатын болды.

Көрініс: "Тағы екілік"

Али::Stop! Түсірілді. Іздегенім де осы еді. Рахмет, сендерге. Енді бұл түсірілімді жиырма бесінші мамырда "Қазақстан" арнасында тамашалауды ұмытпаңыздар. Сау болындар, балалар! (шығып кетеді).

Ақбалдақ: Жақсылық сыйлап бақшаға,

Түлектер келді ортаға.

Вальс биі биленсін,

Көрейік біз тамсана.

(2 потток вальс)

Нұржауған:Балалар, әдемі көрікті жарық топтарыңды, достарыңмен бірге ойнаған әртүрлі қызықты ойыншықтарыңды және осыншама жыл бірге болған балабақшадағы қызықты күндеріңді бірге өткізген құрбы-достарыңды әркез еске алып жүресіндер, бұл күндер ұмытылмайды- дей келе балабақшамызға арналған ән шашуымызды тарту етейік

Ән «балабақшам»

Ақбалдақ

Ұл-қыздардыкөңілді

Шақырамызортаға

Тойымызғасәнберіп

Би билесін шаттана.

Би(хореграфия)

Келесі кадр «Алғыс айту»

софия,н.айша сания,заңғар

София : заңғар ,осымен балабақшамен қоштасатында сәт келдіме?Біз қашан есейіп үлгердік?Біз кішкентай болып едікқой, тамақтыда іші алмай, киімді де кие алмай, әріптіде,сандарды да танымай жүрген кіп-кішкентай бала едікқой,есіндеме?Енді солардың барлығын үйреніп кетіп бара жатырмыз ба?

Заңғар :Ия, Шұғыла дұрыс айтасың.Балабақшамен қоштасып,алғыс айтатын сәтке де жеттік.Бізге барлығын үйреткен,кішкентайымыздан қабылдаған балабақшамызға мың алғыс!

Сания :Жақсы менен жаманды , санау мен әріпті үйреткен, тобымызды әр кез таза ұстап, тамағымызды уақытында берген, апайларға мың алғыс.

дайындайтын, денемізді шынықтыратын, барған сайын ойнататын апайларға мың алғыс.

Ақбалдақ: келесі кадр «Қоштасу әні» (топ апайларынан ән)

Нұржауған: Құрметті көрермендер осы «бақытты балалық шақ » филлміміздің ұйымдастырушыларымен таныс болыңыздар.

Бақытты балалық шақ фильмінің **Бас продюсері:** балабақшамыздың меңгерушісі
Жетилгенова Д.Н.

Бірлескен продюссер:Ахметова Г.Қ

Сценарист:Топ тәрбиешілері: Серғазықызы А.Оразалғалиева Н. Мейрамгул апай

Музыкалық продюсер: Муз жетекшісі ақжүніс

Актерларымызды емдеген : Медбике Индира

Негізгі демеушілер: біздің ата-анамыз.

Актерлерге – біздің балаларымызға қошемет көрсетейік!!!!!!

Балабақшамыздың меңгерушісі Д.Н сөз кезегін береміз.....

Нұржауған:Осымен біздің фильміміз аяқталды!Біз қолымыздан келгенше қызықты сәттермен, қызықты сценаримен түсіруге тырыстық.1 қыркүйектен бастап « Алғашқы қадам » жаңа фильм түсіріліп басталады. Осы жаңа фильмгеде сіздерге шығармашылық табыс, сарқылмас сабыр, білімді,озат актерлар тілейміз.Қош сау болыңыздар! Көрермен болып отырған Актерларымыздың ата-анасынан фильмімізге айтар өз пікірлеріңіз болса , қуана қуана тыңдаймыз.

